

## Жарма аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2016 жылғы 5 мамырдағы № 3/18-VI шешімі

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 сәуірдегі "Жарма аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 19/165-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3295 болып тіркелген, 2014 жылғы 7 маусымында № 44 (8717) "Қалба тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Жарма аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 шілдедегі "Жарма аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 19/165-V "Жарма аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 29/253-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4106 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 тамызында № 65 "Қалба тынысы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*Д. Шаяхметов  
А. Сахметжанова*